



ТАҒАР- ҚАЗАЛЫ

№6
(2281)
Сәренбі
22 қаңтар
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев елді мекендерді газдандыру мәселесіне қатысты арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

«Елді мекендерді «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету – маңызды міндеттердің бірі. Газдандыру тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, тұрмыс-тіршілігін жақсартуға оң әсерін тигізетіні белгілі. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, газдандыру жобаларын әзірлеудегі және жүзеге асырудағы жұмыстың аққымын ұлғайту керек. «ҚазақГаз Аймақ» акционерлік



қоғамы жаңа инвестициялық бағдарлама аясында облысқа 22 млрд. теңге инвестиция салуға дайын екендігін жеткізді.

-Біз инфрақұрылымдық жобаларға барлық көзден қаржыландыру тетіктерін қарастыруымыз қажет. Жаңа

инвестициялық бағдарламаның өңірімізде сапалы іске асырылуын қамтамасыз етіңіздер. Тарифті қатаң бақылауда ұстап, оның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін тиісті шараларды қабылдаңыздар», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кету керек, өткен жылы газдандыру жобаларына 30 млрд. теңгеден астам қаржы бөлініп, жоспарланған жұмыс толық орындалды. Аймақтың 11 елді мекені табиғи газға қосылып, облыс тұрғындарының 78 пайызы газ тұтынатын болды, газдандырылған ауылдар саны 46-ға жетті. Жыл басынан бері 4 елді мекенге газ желісі тар-тылды.

**Қызылорда облысы
әкімінің баспасөз
қызметі**

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНІҢ ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Әйтеке би кентінің әкімі Әліби Әбиев кент тұрғындарымен кездесу өткізді.

Өткен жылдың қортындысына арналып өткізілген жиынға аудандық мәслихаттың депутаттары, құқық қорғау орындарының өкілдері, аудандағы коммуналдық қызмет көрсету мекемелерінің басшылары және тұрғындар қатысты.

Жиында кент әкімі Әліби Әбиев 2024 жылы кент әкімдігінің атқарған жұмыстарын әрбір сала бойынша кеңінен баян-

дап, үстіміздегі жылы атқарылатын жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Жиында кенттегі көше комитеттері мен тұрғындардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

Кенттің 5-ші квартал тұрғындары, көше комитетінің төрағалары: Б.Қыпшақбаев, Қ.Елубаев, Ж.Жұбаназров көшеге жаяу жүргінші жолдарын салу, көшелерді жарықтандыру, ойын-алаңдарын салуға байланысты ұсыныс-пікірлерін айтты.

Сонымен қатар, көше тұрғыны Қ.Ақбаев

кенттегі көп-қабатты тұрғын үйлердің жылу мәселесі жөнінде әңгімелесе, С.Алманиязов шет аймақтардағы автокөлік маршруттары мәселесін көтерді.

Сонымен бірге, А.Есенов орталық көшелердегі көлік кептелісі жөнінде айтса, Жанқожа батыр көшесінің тұрғындары аяқ су мәселесіне байланысты ұсыныстарын жеткізді.

Кент әкімі Әліби Берікұлы мен тиісті сала басшылары тұрғындар тарапынан айтылған әрбір ұсыныс-пікірлерге нақты жауаптарын айтып, алдағы уақытта айтылған ұсыныстар мен көтерілген мәселелерге байланысты заңдылығына сәйкес жұмыстар атқарылатындығын жеткізді.

**Қазалы ауданы
әкімінің баспасөз
қызметі**

«КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК»: НЫСАНДАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ



«АМАНАТ» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында аудан орталығындағы бірқатар нысандардың ерекше қажеттілігі бар жандар үшін қолайлылығы мен бейімділігі зерделенді.

Мониторинг топ өкілдері Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығына барып, анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде ретке келтіру қажет екенін атап өтті. Ерекше қажеттілігі бар жандардың кез келген мекемеге кедергісіз кіріп-шығуына мән беру керектігін айтты.

Зерделеу жұмыстарына аудандық партия филиалының сарапшысы Алтынай Кенжалиева және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүгедектермен жұмыс секторының меңгерушісі Мерей Тілеубай қатысты.

АУДАНДЫҚ СОТТЫҢ ЖЫЛ ҚОРТЫНДЫСЫ САРАЛАНДЫ

Осы жылғы 15 қаңтарда Қазалы аудандық сотының төрағасы Дәурен Әбдіқалықов баспасөз конференциясын өткізді. Онда аудандық соттың төрағасы 2024 жылы сот әділдігін жүзеге асыру барысында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады.

Баяндамада жан-жақты баяндалғандай қылмыстық істер, атқарылған жұмыстар сараланды.

Қылмыстық істер бойынша Соттың іс жүргізуіне: 2024 жылдың 12 айында 116 тұлғаға қатысты 102 іс түскен. Өткен жылдан 4 іс қалдықта болған.

2024 жылы 116 адамға қатысты 101 іс қаралып аяқталған. Оның ішінде 68 іс бойынша 78 адамға айыптау үкімі, 2 іс бойынша 3 адамға ақтау үкімі, 27 іс бойынша 31 адам қылмыстық жауаптылықтан босатылып, іс өндірістен тоқтатылған, 1 адамға қатысты 1 іс прокурорға кері қайтарылған, 3 іс бойынша 3 адамға қатысты соттылығы бойынша жолданған, келесі тоқсанға 4 адамға қатысты 3 іс қалдыққа қалдырылған.

2024 жылы 3 қылмыстық іс бойынша 3 жеке қаулы қабылданса, 2023 жылы 2 қылмыстық іс бойынша 5 жеке қаулы қабылданған.

2024 жылдың 12 айында сыбайлас жемқорлық санатына қатысты қылмыстық іс қаралмаған. (2023 ж. 1 іс)

Есірткі айналымына қатысты - 14 іс бойынша 14 сотталушыға айыптау үкімі қабылданған / 2023ж. 12 ай 12/15/.

Әйелдерге қатысты 12 адамға қатысты 12 іс бойынша айыптау үкімі қабылданған / 2023 жылы 12 ай 12/24 айыптау үкімі/.

Медиаторлардың қатысуымен 4 адамға қатысты 1 іс қаралып аяқталған /2023 жылы. 12 ай 6/6/.

Қысқартылған тәртіппен қаралғаны 31 іс қаралған/2023ж. 12 ай 29/.

Бұйрық арқылы 9 адамға қатысты 9 іс қаралған /2023 ж. 12 ай 2/2/.

Бұл мерзімде 78 сотталғанның: - 18 адамға айыппұл жазасы; - 4 адамға қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы;

- 31 адамға бас бостандығын шектеу жазасы; - 19 адамға бас бостандығынан айыру жазасы; - 6 адамға шартты жаза тағайындалған.

Бас бостандығынан айырылған 19 сотталғанның 2-і онша ауыр емес, 3-і орташа санаттағы, 14-і ауыр санаттағы қылмыстық әрекеттері үшін сотталған.

Қылмыстық істер бойынша сот актілерінің орындалуына қатысты құжаттар

2024 жылдың 12 айында сот актілерінің орындалуына қатысты 39 құжат келіп түскен, оның 39-ы қаралып аяқталған, оның ішінде 32 ұсыныс қанағаттандырылса, 7 ұсыныс қанағаттандырудан бас тартылған, 2 ұсыныс кері қайтарылған.

2024 жылдың 12 айында

26 жеке айыптау құжаттары түскен. Оның ішінде 15 жеке айыптау шағымы іс жүргізуге қабылданса, 11-і қабылдаудан бас тартылған.

2024 жылдың 12 айында күдіктіге күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру туралы 26 өтінішхат келіп түсіп, 21 өтінішхат қанағаттандырылып, 5 өтінішхаттан қанағаттандырудан бас тартылған. Қанағаттандырылу көрсеткіші 81 %.

Азаматтық істер бойынша

2024 жылдың 12 айында соттың өндірісіне 31 азаматтық іс және 1412 талап қою түссе (2023 жылдың 12 айында сәйкесінше 47 іс және 1273 талап қою), 61 азаматтық іс, 16 талап арыз өткен мерзімнен қалдыққа қалған (2023 жылдың 12 айында – 51 іс, 6 талап арыз), яғни осы мерзімде соттың өндірісінде барлығы 1084 іс (арыз) бойынша азаматтық іс қозғалған.

Сонымен, түскен істердің саны өткен жылмен салыстырғанда 16 іске аз, талап қоюдың саны 139 іске көбейген.

Есепті мерзімде 1387 азаматтық іс өндірістен аяқталса, өткен жылдың осы мерзімінде олардың саны 1260 істі құраған, яғни 127 іске көбейген.

2024 жылдың 12 айында - Татуластыру көрсеткіші 36 % құрады.

- Неке бұзу туралы татуласу келісімімен 78 іс аяқталған. (2023 жылдың осы мерзімі - 77 іс);

Шешім шығару арқылы қаралған істер саны - 789, өткен жылдың осы мерзімінде шешім саны – 772 болған, яғни өткен жылдың есепті мерзімінен 17-ге шешімге көбейген.

Жеке ұйғарым бойынша

Азаматтық істер бойынша есептік кезеңде 4 жеке ұйғарым шығарылған (2023 жылдың 12 айында 5 жеке ұйғарым қабылданған).

Қараусыз қалдырылған істер бойынша

2024 жылдың 12 айында 141 талап қою қараусыз қалдырылған (2023 жылдың 12 айында - 144 іс).

Негіздері:

- ҚР АПК-нің 279 бабының 1 бөлігі бойынша-5 азаматтық іс;
- ҚР АПК-нің 279 бабының 3 бөлігі бойынша-1 азаматтық іс;
- ҚР АПК-нің 279 бабының 4 бөлігі бойынша-3 азаматтық іс;
- ҚР АПК-нің 279 бабының 8 бөлігі бойынша- 131 азаматтық іс;

- ҚР АПК-нің 279 бабының 11 бөлігі бойынша- 1 азаматтық іс.

Қайтарылған арыздар бойынша

2024 жылдың 12 айында 37 талап қою арызы қайтарылған (2023 жылдың 12 айында 36 талап қою арызы қайтарылған).

Негіздері:

- ҚР АПК-ің 152 бабының 1 бөлігінің 1 тармағы бойынша -2 арыз;
- ҚР АПК-ің 152 бабының 1 бөлігінің 2 тармағы бойынша -2 арыз;
- ҚР АПК-ің 152 бабының 1 бөлігінің 5 тармағы бойынша -1

арыз;

- ҚР АПК-ің 152 бабының 1 бөлігінің 6 тармағы бойынша -2 арыз;

- ҚР АПК-ің 152 бабының 1 бөлігінің 9 тармағы бойынша-30 арыз.

Тоқтатылған істер бойынша

2024 жылдың 12 айында барлығы 280 іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған (2023 жылдың 12 айында - 163), тоқтатылған істер саны 118 іске көбейген.

Негіздері:

- Талап қоюшының бас тартуына байланысты - 6 іс;

- Медиация тәртібімен - 272 іс;

- Партиципативтік татуласу келісімімен – 2 іс.

Бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен 162 іс (2023 ж. 12 айында 141 іс).

Азаматтардың талап қою бойынша 1387 іс қаралып аяқталған (2023 ж. 12 айында 1260 іс).

Ерекше іс жүргізу бойынша 112 іс қаралып аяқталған (2023 ж. 12 айында 108 іс).

Көбейген талап қоюларды санымен іріктеп өтетін болсақ:

- о т б а с ы - т ұ р м ы с т ы қ қатынастар аясында 282 талап қою түскен (2023 жылы 255) 27-ге көп;

- меншік құқығын тану аясында 25 талап түскен (2023 жылы 18) 7-ге көп;

- к е л і с і м - ш а р т саласындағы даулар 724 талап түскен (2023 жылы 640) 84-ке көп.

Азаматтық істер бойынша материалдар

2024 жылдың 12 айында азаматтық істер бойынша сотқа 467 ұсыныстар мен арыздар түскен.

Оның ішінде 14-і жүргізуші куәлігін тоқтату туралы сот орындаушысының ұсынысы, Қазақстан Республикасының аумағынан «тыс шығуын уақытша шектеуді тоқтату» туралы -1, сот шешімінің орындауын бұру-1, сот шешімінің орындау тәртібі мен тәсілін өзгерту-14, борышкерді ҚР аумағынан шығуына тыйым салуды санкциялау туралы- 406 қаулы, борышкерді сот орындаушысына күштеп келтіру туралы 3 қаулы, 2 талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы арыз, атқару парағының телнұсқасын беру туралы 16 арыз қаралған, өзгеде материалдар бойынша-10.

Осы жоғарыда көрсетілген ұсыныстардың 458 материал бойынша қанағаттандыру туралы, 4 материал бойынша қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым қабылданған. 2-і қайтарылған, 3-і келесі тоқсанға қалдыққа қалған.

2023 жылдың 12 айында азаматтық істер бойынша сотқа 417 ұсыныстар мен арыздар түскен. Оның ішінде 17-і жүргізуші куәлігін тоқтату туралы сот орындаушысының ұсынысы, сот шешімінің орындауын бұру-1, сот шешімінің орындау тәртібі мен тәсілін өзгерту-19, борышкерді ҚР аумағынан шығуына тыйым салуды санкциялау туралы- 310

қаулы, борышкерді сот орындаушысына күштеп келтіру туралы 56 қаулы, 3-і басқа соттардан сот тапсырмасы, 3 талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы арыз, атқару парағының телнұсқасын беру туралы 2 арыз қаралған, өзгеде материалдар бойынша-6.

Осы жоғарыда көрсетілген ұсыныстардың 400 материал бойынша қанағаттандыру туралы, 3 материал бойынша қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым қабылданған. 4-і қайтарылған, 1 материал тоқтатылып, 6-ы қараусыз қалдырылған, келесі тоқсанға қалдыққа материал қалмаған.

Әкімшілік істер бойынша

2024 жылдың 12 айында ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексі бойынша 18 талап қою түскен.

Түскен талап қоюлар бойынша 4 арыз кері қайтарылса, 3 іс медиация арқылы тоқтатылған. Мерзімнен қалдықта талап қоюлар жоқ. Әкімшілік істер бойынша ағымдағы тоқсанда апелляциялық шағымдар түспеген.

2023 жылдың 12 айында ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексі бойынша 9 талап қою түскен.

4 талап қою қайтарылған. 2 іс бойынша шешім қабылданған болса, 2 іс бойынша талап қою қайтарылып, 1 іс бойынша тараптар медиативтік келісімге келуіне байланысты қайтарылған. Апелляциялық алқада 1 іс бойынша қаралған. Өзгеріссіз қалдырылған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша

Есепті мерзімде әкімшілік құқық бұзушылық туралы 900 іс түсіп, 898 іс қаралып аяқталған, 745 адамға жаза тағайындалған, 133 іс тоқтатылған, 20 көмелетке толмаған құқық бұзушыға тәрбиелік ықпал ету шарасы қолданылған.

Тағайындалған жазаларды сараласақ: 34 адамға ескерту жазасы қабылданып, 504 адамға әкімшілік айыппұл салынып, 195 адам әкімшілік қамаққа алынған, 6 адам көлік құралын жүргізу құқығынан айырылған, 6 адам ҚР шегінен шығарылған.

Ал өткен жылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түсіп, 885 іс қаралып аяқталған, 708 адамға жаза тағайындалған, 170 іс тоқтатылған, 7 көмелетке толмаған құқық бұзушыға тәрбиелік ықпал ету шарасы қолданылған.

Тағайындалған жазаларды сараласақ: 51 адамға ескерту жазасы қабылданып, 460 адамға әкімшілік айыппұл салынып, 187 адам әкімшілік қамаққа алынған, 5 адам көлік құралын жүргізу құқығынан айырылған, 5 адам ҚР шегінен шығарылған.

Баспасөз конференциясының соңында аудандық соттың төрағасы Дәурен Әбдіқалықов журналистердің қойған сауалдарына жауап берді.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ОТБОРУ ЧЛЕНОВ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА

(соңы. Басы өткен санда)

Казалинский районный маслихат в соответствии с Законом Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года №383 «Об общественных советах» и утвержденным приказом положения Министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года за №69 «Об утверждении Типового положения об Общественном совете» объявляет о проведении конкурса по отбору членов рабочей группы по формированию Общественного совета Казалинского района из числа некоммерческих организаций и граждан.

Примечание:

Рабочая группа по формированию Общественного совета Казалинского района состоит из 7 (семь) человек, представляющих из числа представителей государственных органов, субъектов квазигосударственного сектора, гражданское общество (некоммерческие организации и граждан).

Некоммерческие организации и каждый гражданин вправе выдвинуть только одного кандидата.

Граждане, представители некоммерческих организаций, желающие принять участие в конкурсе в течение пяти ра-

бочих дней со дня размещения объявления о проведении конкурса по отбору членов рабочей группы, подают нарочно или направляют на электронный адрес государственного органа, субъекта квазигосударственного сектора или местного представительного органа, указанного в объявлении, следующие документы:

1) согласно приложению №1 письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав рабочей группы;

2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных;

3) справка о наличии либо отсутствии судимости;

4) справка о наличии либо отсутствии психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ;

5) согласие на сбор, обработку, распространение и публикацию персональных данных кандидата.

Для обеспечения прозрачности и объективности к участию в заседаниях рабочей группы допускаются наблюдатели без права голоса, являющиеся представителями

неправительственных организаций, средств массовой информации, государственных органов, международных организаций. Лицо, желающее стать наблюдателем в конкурсе по отбору членов рабочей группы по созданию Общественного совета, нарочно представляет заявку на участие в качестве наблюдателя по форме согласно Приложению №2 в Казалинский районный маслихат или отправляет по электронной почте (kazaly-maslihat@mail.ru)

Срок приема предложений представителей некоммерческих организаций и граждан о кандидатах в рабочую группу и граждан, желающих стать наблюдателями: с 20 января 2025 года, по 31 января 2025 года ежедневно с 9.00 до 19.00 (рабочие дни) в течение десяти календарных дней после объявления. Обеденный перерыв с 13.00 до 15.00.

Адрес ГУ «Аппарата маслихата Казалинского района»: Казалинский район, кент Айтеке би, улица Жанкожа батыра №130, электронный адрес: e-(kazaly-maslihat@mail.ru) ответственный за прием документов Н.Курманбай. тел. 79-2-80 внутр. (32-53), сотовый: 8-775-468-74-53

Казалинский районный маслихат

Приложение 1 Форма

Кому _____
(наименование государственного органа на республиканском уровне или наименование местного представительного органа) от _____

(Фамилия, имя, отчество (при наличии) заявителя, удостоверение личности № _____, выдано (когда, кем)) проживающего (ей): _____ (населенный пункт, улица, дом, квартира)

Заявление

Выдвигаю свою кандидатуру для включения в состав Рабочей группы по формированию Общественного совета

Настоящим заявлением подтверждаю, что я ознакомлен с положениями Закона Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года "Об общественных советах" и обязуюсь соблюдать его требования.

Прилагаю следующие документы:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

"__" ____ 20__ года. Подпись заявителя _____

Заявление

Подаяю свою кандидатуру для включения в качестве наблюдателя на конкурс по отбору членов рабочей группы по формированию Общественного совета.

Прилагаю следующие документы:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____


"__" ____ 20__ года. Подпись заявителя _____

Приложение 2 Форма

Кому _____
(наименование государственного органа на республиканском уровне или наименование местного представительного органа) от _____

(Фамилия, имя, отчество (при наличии) заявителя, удостоверение личности № _____, выдано (когда, кем)) проживающего (ей): _____ (населенный пункт, улица, дом, квартира)

САНАЛЫ ҰРПАҚ - БОЛАШАҚТЫҢ ҮМІТІ



Қазақ халқы үшін қашанда өзекті тақырыптың бірі - ұрпақ тәрбиесі. Баланың кішкентай кезінен-ақ санасына ұлтына деген сүйіспеншілік, ұлтының салт-дәстүрін сіңіріп өсірген.

Бүгінгі жаһандану заманында өскелең ұрпақтың бойына рухани, ұлттық құндылықтарды қалай дарытамыз? Бұл сұрақ қазақ халқы үшін басты мәселенің біріне айналды. Дабыл қағатын жөніміз де бар. Себебі, бүгінгі бала кітап оқымайды. Бесіктен белі шықпай жатып, мобильді телефонды қалай пайдалану керектігін ешкім үйретпесе де, 4-5 жасынан-ақ игеріп кетіп жатыр. Бұл телефон мен интернетке есі ауған жастардың ұлтымыздың рухани құндылықтарынан ажырап бара жатқанын білдіреді. Бүгінде жастардың бір-бірімен тіл табысып, ұзақ отырып сөйлесе алмайтыны, сөйлесе де біреу мәжбүрлегендей бірекі ауыз тілдескен соң, назарын қолындағы телефонға аударып жіберетінін көріп жүрміз. Бұл қазақ жастарына төніп тұрған қауіптің бірі. Мұның соңы уақыт өте келе адамдарды бір-бірін қажет етпейтін жағдайға ұшыратып, адамшылық қасиеттердің әлсіреп, қайырымдылық кеміп, жүрек селт етпей, мәңгірттенуге әкеліп соғатынына дау жоқ.

Олай болса, жас ұрпақтың бойына салт-дәстүрімізді сіңірумен қатар, мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық сияқты адамдық асыл қасиеттерді қоса дамытуда отбасы тәрбиесінің рөлі аса маңызды. Одан әрі білім ошағындағы әрбір ұстаз баланың дамуына зер салып, тілі мен ділін, ұлтының тағылымын, тарихын, мәдениетін сіңіруге еңбек етуден жалықпаса, саналы ұрпағымызбен қанат жайған кемелденген ел боларымыз сөзсіз!

Саналы ұрпақ - болашақтың үміті. Өскелең жастарымыздың бойынан зайырлы мемлекетіміздің туын жоғары ұстайтын білімділік, саналылық, сенімділік қасиеті жойылмасын!

Рита ИСКАКОВА,
Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

АЛДЫҢ ПЕЙІШ, АРТЫҢ КЕНІШ БОЛСЫН, ДОСЫМ!

Бір ісіңнен артық еді, бір ісің,
Нар тұлғасың, рухың өшпес
ірісің,

Қазалыда ізің қалды,
өшпестей,

Өлген жоқсың, сен мәңгілік
тірісің!

Халық шаруашылығын
дамытудың ірі
ұйымдастырушысы Мінежадин
Сражадинұлының мына дүниені
тәрк етіп, аяқасты аттанып
кеткеніне 100 күн толып отыр.
Бұл өлім оны танитын замандас
достары ойсыратып кетті. Туған
елдің топырағынан басталған
жастықтың жалғызаяқ соқпағы
ерен еңбектің, елдік мұраттың,
елге деген махаббаттың, кеңдік
пен кісіліктің, тазалық пен
тұлғалық болмыстың, толғамы
толымды, үлкен жүректің ада-
мын қалай сағынбассың!?
Ақсақал деуге келісе алмайтын,
жас деуге келе қоймайтын жа-
ста, енді бата беретін жасыңда
орныңды кімге беріп кеттің екен?
Тыңдырғаның елдің кәдесіне жа-
рап жатса, кешегің мен бүгінгіңді
таразыға қоятын ұлт, ұрпақ,
адамзат алдында атқарғаныңа
іштей тәубе айтатын жаста
емес пе?, едің досым-ай!? Бұл
тұрғыдан алғанда, тазалық пен
тектілікті, талғампаздық пен
мәдениеттілікті, табандылық пен
еңбекқорлықты, қайраткерлік
пен қайсарлықты табиғат шіркін
өлшеп жатпай, бойыңа мол
етіп бергені айқын. Оны көрдік,
сездік, досым!

Иә, жанымдай жақсы көрген
бауырымның өмірден өткеніне
көп бола қойған жоқ. Қайран,
Мінажым-ай, адамнан ескерткіш
тұрғызып, сені тірілтіп ала-
тындай құдірет біздің қолдан
келетін болса, көзіміздің жасын
көл қылып, барымызды сенің
жолыңа бағыштап, Жаратушыға
мың жалбарынып, тірі алып
қалар едік. Бірақ өмірде оның
көрінісі жоқ ғой, бауырым! Өмір
тіршілігінің мөлдір суын қанып
ішіп, өмір жырын тауысып барып
аттансаң болар еді, амал нешік?
... Сен оған асыққаның жоқ,
жан-жағыңнан анталап келген
жау асықтырды, сені. Алдына
қойған мақсат-мұратыңа
жеткізбеді. Талмай еңбек етіп,
тыңбай ізденген адамға осын-
шама жаза берер ме еді?! Соны
түсінбей далмын.

Мен сені ілгері жоқ, ақ
көйлектей досыма санадым.
Шын мәнінде досымыздың өлімі
– бауырдың еті күйетін, қатынның
беті күйетін өлім болды. Дәл
осы күні достардың жүрегі жа-

рылардай, қара жердің жарығы
қарс айырылып кеткендей бол-
ды. Шақырсақ енді келмейтінін,
сұрасақ енді бөмейтінін білсек
те, Аруақ шақырып, желпіп келіп,
мойныға асылатын сияқты
да тұрады. Үлкен мен кішінің,
ағайын мен туыстың, дос пен
жекжаттың арасындағы нәзік
сымды майлап тұратын досқа
Жаратқанның найзасының дәп
түсуін-ай, дерсің! Дәл сол күні
Сырдарияның үстінде дауыл
тұрып, ол да жылап тұрғандай
көрінді. Жанқожа бабамыздың
тойының үстінде жиналған
халықтың қолына су құйып
жүрерсің, - деп ойлағанбыз.
Сырқатың дендеп, жатып
қалыпсың, бауырым! Сені
қиналмасын, деген болар,
бабамыздың бір сардары ат-
тай қалып, атына мінгестіріп
алып кеткен сияқты, болады
да тұрады. Ақиқат болса да,
бүгін, ертең: «Сендерді сынап
көрейін, деп қоштаспай кетіп
едім, деп басыңды, оң жағыңа
сәл қисайта, кіріп келетін
сияқтысың.

Біз бір-бірімізді ұққан достар
болдық. Арамызда арқан керіп,
ат ауыстырған кезіміз жоқ. Мен
сенің бойыңнан тазалықтың
түнбасына айналған әрі еш пен-
деге ұқсамайтын болмыс-бітімің,
нұрлы дидарың, риясыз күлкің,
тіпті әлденеге кілт етіп, ренжи
қалатын қас-қабағыңа дейін сені
кеше көргендей, бәрі жадымда
тұр. Біздің еркін араласуымыз
сенің облыстық мәслихат депу-
таты болған кезінде жаныңнан
табылуым болғандай. Жақсы
адамға сый сақтамайды,
сыбаға сақтайды. Саған
сақтаған сыбағам – бауырға
басу сыбағасы еді. Өттең, оған
жеткізбеді. Еңбегіңнің шашауын
шығармай, елдің мүддесі жолы-
на жұмсағаныңды ел әлі айтатын
болады, бауырым.

«Ат басын бұрғанша ай өтеді,
айналып келгенше жыл өтеді».
Сөйтіп жүріп қамшының сабын-
дай қысқа ғұмырың өтеді» дейді
халқымыз. Ұлы уақыт көшімен
ілесіп біз де өтерміз, кетерміз.
Сонда Қазақ елінің ертеңгі
болашағын қолдарымен жа-
сап, әлемнің алдыңғы қатарлы
елдері қатарына қосатын ұрпақ
– біздің балаларымыз, немере-
шөберелеріміз болмақ. Бір
Алланың жебеуімен өмір бойы
жасаған еңбегіміздің жемісін
жейтін артымызда қалдырған
ұрпағымыз саналы болғай. Сен
ұяттың хат заманында қара
жіптің тұзаққа, қара жолдың

ұзаққа созыларын жүрегің сезіп
кетті.

Біздің Мінежбен арамыздағы
сыйластығымыз оның сы-
ныптас досы, бауырымыз
Қаржаубай Қанатбайұлының ба-
ласы Елнұрдың отбасын құруы
тойымен байланысты бол-
ды. Бұрыннан білсем де, адам
оңашада бірін-бірі тануымен
одан әрі жалғасады ғой. Со-
дан арамызда сыйластық жібі
жалғасты. Кейін Қаржаубай
бауырымыз дүниеден өткенде
Мінеж оның барлық шаралары-
на қатысты. Досқа адалдығын
көрсетті.

Тегінен нәр алғанның теріс
кеткені болып көрген емес. Ол
көргендінің көрігінде, тектінің
тебінінде өскен жан болатын.
Себебі, мен оның өз әкесі мен
қайын атасының көзін көріп,
әңгімесін тыңдап та көрдім.
Алла оларға рахымын берсін.
Досымыз дүние салғанда оған
құрмет көрсетуге келген халық
Асан қайғының азасына барып,
бата оқып, келе жатқандай,
жамағаттың көп болғанын ел
әлі ұмыта қойған жоқ. Мінеж до-
сымыз ешқандай сыйлықсыз-
ақ, сыйлы болды. Өзіне де,
қатарластарына да сын көзбен
қарады. Ішінде не кеткенін
қайдам, бірақ өмірде көңілді,
қайратты, қажырлы, үлкен
ағаларымен де, кіші інілерімен
де сыйластығы жарасқан
жайсаң жан болды, солай болып
мәңгілік жадымызда қалатын бо-
лады. Дүние әділдігі шын болса,
оның атақ-даңқы ұмытылмасы
анық.

Тірі пенде тірлігінде ба-
тар күнді батамен, атар таңды
тәубемен қарсы алуға көп уақыт
тапқан дейсіз бе? Алладан алтау
тусақ та, Аллаға дара пендеміз
ғой. Фәни дүниеде күнәсіз
пенде жоқ. Адам баласының
Жаратқанның алдына алып ба-
рар жалғыз дүниесі – сауапты ісі
мен күнісі ғана. Солар таразыға
тартылар кезде сауапты ісіңнің
салмағы ауыр болғай, дос!

Дүниеден өткеннің бәрі өлік
емес. Тәнді көз таса ете алатын
қара жер, қайраткер тұлғаны
көзден таса ете алмаса ке-
рек. Мына фәни-жалғанда жер
басқан пенденің бір-біріне
әкелі-балалы, ағалы-інілі бо-
лып бауыр басып кететіні бар.
Мінаждың мінезі әкені масат-
тандырып, ананы шаттандырып,
жарын жадыратып, ұл-қызын
жарқылдататын мінез-ақ еді.

Дәріл бақиға аттанбайтын
адам жоқ. Сағаты соққанда



бәріміз сол бақтың есігін қағып,
еніп баратынымыз. Оған билет
берілмейді. Ақысыз, пұлсыз
қабылдайды. Ол бәлекет,
біреу жыл жөндеуге де жа-
былмайды, демалысқа да кет-
пей, тынымсыз жұмыс істей
береді. Ол солай... адамның
өмірі абайсызда құлатып алған
құманның суы сияқты. Көзді
ашып-жұмғандай. Алды-артыңа
қаратпай өте шығады. Десек те,
өлімге қимайтын жандар бо-
лады. Сондай кісілер ұзақ өмір
сүрсе екен деп Жаратқаннан
тілеп-ақ жүресің. Расында да,
айналасындағы жандарға пай-
дасы тиіп жүрген тұлғаның
ұзағырақ өмір сүргені – елге
олжа. Досымыздың соңында
желкілдеп өсіп келе жатқан
ұрпағы қалды. Әкелерінің
жақсы бастаған ісін енді со-
лар жалғастырмақ. Соңында
Айгүл ханым қалды. Айгүл
ханымға құшағыңыз суығанмен,
бауырыңыз суымасын, деген-
нен басқа не айтамыз. Бауыр
ет – балаларыңыз аман болсын,
демекпіз.

Иә, өкінішсіз өлім жоқ. Ала да-
лы, парыз болған ең қасиеттің
үлкені – халқына қадірі асқан
жанның жаназасына қалың
елдің сапқа тұрып, соңғы па-
рызын өтеуі. Сол күні елдің көп
болғаны. Бұл жердегі айыпты
жалған – адамзатты бір уыс етіп,
айтпай келіп, талай арыстары-
мызды сұраусыз алып әкетіп
жатқан тізгінсіз тажал? Қолға
тірілей түссе, итше тепкілеп,
аямаспыз-ау, сені!

Жаныңның қараңғы тұсына
сәуле, аптабына сая, дертіне
дауа болсын. Қошбол, қоштасуға
қимайтын, тар-бесікке сыймай-
тын қайран досым – Мінежым!
Алдың пейіш, артың кеніш бол-
сын!

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью-
термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-
38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама
беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.